

1999 жылғы 24 қыркүйектегі Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі туралы

келісімнің 15-бабын назарға ала отырып,  
мына төмендегілер туралы уағдаласты:

## 1-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі туралы 1999 жылғы 24 қыркүйектегі келісімге қосылады және одан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

## 2-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

## 3-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және депозитарий - Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитеті оған қол қойған үкіметтердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір данада жасалды

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін оған қол қойған үкіметтерге жіберетін депозитарийде сақталады.

|              |           |                 |
|--------------|-----------|-----------------|
| Үкіметі үшін | Беларусь  | Республикасының |
| Үкіметі үшін | Қазақстан | Республикасының |
| Үкіметі үшін | Қырғыз    | Республикасының |
| Үкіметі үшін | Ресей     | Федерациясының  |
| Үкіметі үшін | Тәжікстан | Республикасының |
| Үкіметі үшін | Өзбекстан | Республикасының |

